



Сапа бөйынша басшылық өкілі
Ошибаева А.Е.
27.12 2024 ж.

ТӘУЕКЕЛГЕ ТӨЗІМДІЛІК ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМДЕМЕ, 2025

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

1. Жалпы ережелер

Осы мәлімдеме Университеттің стратегиялық мақсаттарына жету барысында қабылдауға дайын тәуекелдердің шектерін анықтайды. Университет тұрақты дамуды қамтамасыз етуге, тәуекелдердің теріс әсерін барынша азайтуға және білім беру мен ғылыми үдерістердің сапасын арттыруға ұмтылады.

2. Тәуекелдерді басқару қағидаттары

- Тәуекелдер мен мүмкіндіктер арасындағы тепе-теңдік – стратегиялық даму үшін басқарылатын тәуекелдерді қабылдау.
- Залалды азайту – теріс салдардың ықтималдығы мен әсерін төмендету.
- Кешенді көзқарас – тәуекелдерді басқаруды басқару жүйесінің барлық деңгейлеріне енгізу.
- Ашықтық және есептілік – тәуекелдерді бағалау және басқару кезінде барлық мүдделі тараптармен ашық өзара әрекеттесу.

3. Тәуекелдерге төзімділік деңгейі және басқару стратегиясы

| Бағыт | Тәуекелге төзімділік деңгейі | Түсіндірме | Тәуекелдерді басқару стратегиясы |
|---------------------|------------------------------|---|---|
| Қаржылық тұрақтылық | Төмен | Университет қаржылық тұрақсыздыққа, бюджет қысқаруына және бір көзге тәуелділікке жол бермейді. Негізгі басымдық – қаржыландыру көздерін әртараптандыру. | Тәуекелден аулақ болу – қаржы бақылауын күшейту, эндаумент-кор құру, бюджетті оңтайландыру. |
| Академиялық қызмет | Орташа | Университет жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу, академиялық ұтқырлықты дамыту және оқыту бағыттарын кеңейту тәуекелдеріне дайын. Бірақ білім сапасы мен беделі сақталуы тиіс. | Тәуекелді азайту – бағдарламалардың сапасын мониторинг жасау, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне талдау жүргізу. |
| Ғылыми қызмет | Орташа | Университет жаңа инновациялық зерттеулерді қолдауға дайын, бірақ олар тәуекелдерді бағалау | Тәуекелді қабылдау – ғылыми кластерлерді дамыту, гранттарға қатысу, стартаптарды қолдау. |

| Бағыт | Тәуекелге төзімділік деңгейі | Түсіндірме | Тәуекелдерді басқару стратегиясы |
|-----------------------|------------------------------|--|---|
| | | жүйесіне сәйкес болуы керек. | |
| Клиникалық қызмет | Төмен | Медициналық білім сапасына және пациенттердің қауіпсіздігіне қатаң талаптар қойылады. Медициналық дайындық стандарттарын төмендетуге жол берілмейді. | Тәуекелден аулақ болу – халықаралық медициналық стандарттарға сәйкестікті сақтау. |
| Цифрлық трансформация | Орташа | Университет жаңа IT технологияларды енгізуге дайын, бірақ деректер қауіпсіздігі сақталуы тиіс. | Тәуекелді азайту – киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, жаңа цифрлық шешімдерді кезең-кезеңімен енгізу. |
| Кадрлық саясат | Орташа | Шетелдік мамандарды тарту, кадрлық құрамды жаңарту тәуекелдері қарастырылады. | Тәуекелді тарату – жетекші шетелдік университеттермен серіктестік, кадрларды даярлау бағдарламалары. |

4. Нөлдік төзімділік танытылатын тәуекелдер

Университет ешқандай жағдайда қабылдай алмайтын тәуекелдер:

| Тәуекел | Сипаттама | Тәуекелдерді басқару стратегиясы |
|--|---|--|
| Академиялық адалдықтың бұзылуы | Плагиат, ғылыми деректерді бұрмалау, білім беру үдерісіндегі жемқорлық. | Тәуекелден аулақ болу – академиялық этика ережелерін сақтау, антиплагиаттық тексерулер, қатаң бақылау. |
| Студенттер мен персоналдың қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төнуі | Зертханалар мен кампусағы қауіпсіздік ережелерін сақтамау. | Тәуекелден аулақ болу – қауіпсіздік регламенттерін қатаң сақтау. |
| Қаржылық тұрақсыздық пен негізгі қаржы көздерін жоғалту | Бюджеттің дұрыс бөлінбеуі, сыртқы қаржыландырудан тәуелділік. | Тәуекелден аулақ болу – қаржылық жоспарлау, аудитті күшейту. |
| Білім сапасының төмендеуі | Білім беру бағдарламаларының ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес келмеуі. | Тәуекелден аулақ болу – сапаны мониторингтеу, тәуелсіз аккредитация. |
| Кибершабуылдар және деректердің таралуы | Студенттердің, оқытушылардың және әкімшілік жүйелердің деректерінің бұзылуы. | Тәуекелден аулақ болу – киберқауіпсіздік шараларын енгізу. |

| Тәуекел | Сипаттама | Тәуекелдерді басқару стратегиясы |
|---|---|---|
| Институционалдық мәртебенің немесе халықаралық мойындаудың жоғалуы | Университеттің рейтингтерден шығарылуы, негізгі серіктестермен келісімдердің бұзылуы. | Тәуекелден аулақ болу – университет беделін сақтау, халықаралық жобаларға қатысу. |
| Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық нормалардың бұзылуы | Университеттің ішкі саясатының заңнамаға сәйкес келмеуі. | Тәуекелден аулақ болу – заңнамалық аудит, құқықтық сәйкестікті сақтау. |

5. Тәуекелдерге әрекет ету саясаты

Университет тәуекел деңгейіне байланысты келесі стратегияларды қолданады:

- Тәуекелден аулақ болу – жағымсыз салдарға әкелетін әрекеттерден бас тарту.
- Тәуекелді азайту – ықтималдылық пен әсерді төмендету шаралары.
- Тәуекелді тарату – сақтандыру, серіктестік немесе басқа тетіктер арқылы залалды азайту.
- Тәуекелді қабылдау – салдары басқарылатын және артықшылықтарымен өтелетін тәуекелдерді қабылдау.

6. Қорытынды ережелер

Бұл мәлімдеме Университеттің басқарушылық шешімдерінің негізі болып табылады. Барлық құрылымдық бөлімшелер тәуекелдерді басқару қағидаттарын сақтап, оларды азайтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруы тиіс. Құжат университеттің ішкі және сыртқы ортасына байланысты қайта қаралуы мүмкін.